

«Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 3/2021 шешімімен мақұлданған

«Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген («Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ 2021 жылғы «___» _____ № _____ бұйрығы)

**«Павлодар» арнайы экономикалық аймағының
басқарушы компаниясы» АҚ
Дивидендтік саясат**

1. Жалпы ережелер

1. Осы дивидендтік саясат (бұдан әрі - Саясат) «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және таза кірісті бөлу және дивидендтер төлеуге жіберілетін оның бөлігін айқындау тәртібін, дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібін, дивидендтер төлеу тәртібін, оның ішінде оларды төлеу мерзімдерін, орны мен нысанын айқындайды.

2. Осы саясаттың мақсаты қоғам мен жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімін және Жалғыз акционер үшін Қоғамның дивидендтік төлемдерінің мөлшерлерін айқындау кезінде ашық тәсілді қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы саясатта мынадай терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

1) Жалғыз акционер – Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) дивидендтер-қоғамның жарғылық капиталындағы өздеріне тиесілі акциялар бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне төленетін, қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес Қоғамның таза табысының (қорытынды пайдасының) бір бөлігі;

3) ҚЕХС-қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары.

2. Дивидендтік саясаттың негізгі принциптері

4. Қоғам капиталдандырудың өсуімен қатар бір жыл ішінде алынған пайданың мөлшері мен қоғамның өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктеріне қарай жалғыз акционерге төленетін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

5. Қоғамның дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Қоғамның Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;

2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;

3) Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қоғамның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

6) Қоғамның Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кірістер алу) және ұзақ мерзімді (Қоғамды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

6. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қоғамның шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

7. Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеу шарттары:

1) қоғамның саясаттың 10-тармағына сәйкес айқындалатын жыл ішіндегі таза табысының (қорытынды пайдасының) болуы;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы;»;

3) қоғамда өткен жылдар шығындарының болмауы;

4) қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін таза кірістің қалған бөлігінің жеткіліктілігі (дивидендтер төлегеннен кейін).

8. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.

9. Сондай-ақ орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе жалғыз акционер қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

3. Дивидендтерді есептеу мөлшерін айқындау тәртібі

10. Қоғамның таза кірісі (қорытынды пайдасы) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамасының және Жалғыз акционер бекіткен ХҚЕС талаптарына сәйкес жасалған оның шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде айқындалады.

11. Қоғамның жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу мүмкіндігі туралы шешім жыл қорытындысы бойынша қабылданады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі. Мәселені қоғамның жай акциялары бойынша алынған қаржылық нәтижелер мен дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін негізге ала отырып, Қоғам Басқармасы алдын ала қарайды.

12. Қоғамның Директорлар кеңесі ұсыныстардың негізінде Қоғам Басқармасы таза табысты (қорытынды пайданы) бөлудің негізгі бағыттарын қарайды, сондай-ақ дивидендтік төлемдерге жіберілетін таза табыстың (қорытынды пайданың) үлесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

13. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және қоғамның жарғысына сәйкес Қоғамның директорлар Кеңесі қалыптастырған қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылады.

14. Төлеуге ұсынылған қоғам дивидендтерінің мөлшері Павлодар облысы әкімдігінің «Облыстық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірісінің) мөлшерін, акциялардың мемлекеттік пакеттерін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) белгілеу туралы» қаулысы негізінде белгіленеді.

15. Жалғыз акционерге шешім қабылдау үшін ұсынылатын материалдарда дивидендтер төлеуге қажетті шарттардың болуы/болмауы туралы барлық қажетті ақпарат болуы керек.

16. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын датасы;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

17. Төлеуге жататын дивидендтердің мөлшері туралы түпкілікті шешім Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

4. Дивидендтерді төлеу тәртібі

18. Дивидендтер Жалғыз акционерге дивидендтер есептеу туралы шешім қабылданған кезде Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленген мерзімде төленеді.

Егер дивидендтерді төлеу мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

19. Қоғам Жалғыз акционерге дивидендтердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді.

20. Дивидендтерді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы Жалғыз акционердің қабылданған шешіміне сәйкес Қоғамның шотынан Жалғыз акционердің шотына тиісті ақша сомаларын аудару дивидендтер төлеу болып саналады.

21. Дивидендтер қоғамның ақшасымен төленеді.

22. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Жалғыз акционерге дивидендтерді толық немесе уақтылы төлемегені үшін жауаптылық

23. Қоғамның Жалғыз акционерінің дивидендтер төлеу, оның ішінде дивидендтерді толық төлеу туралы шешімін тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін Қоғам Басқармасы жауапты болады.

24. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

6. Қорытынды ережелер

25. Осы Саясат оны Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

26. Осы Саясатпен реттелмеген барлық мәселелер Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның өзге ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.